



## **Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 маусымдағы N 635 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 7 м а у с ы м д а ғ ы

N 6 3 5 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және құрылысқа дайындықты және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қызметтер кешенін көрсету тәртібін регламенттейді.

2. Осы Ережеде Заңмен белгіленген ұғымдар қолданылады.

3. Инжинирингтік қызметтер жобалау-сметалық құжаттамада осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен қаржыландырылады және оларды бюджет қаражатынан қаржыландырылатын объектілер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес тапсырыс беруші конкурстық негізде сатып алады.

## **2. Инжинирингтік қызметтерді ұйымдастыру**

4. Тапсырыс беруші сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына арналған тиісті аттестаты бар сарапшыны (бұдан әрі - сарапшы) не өзінің құрамында аттестатталған сарапшылары бар ұйымды (бұдан әрі - ұйым) тартқан кезде осы Ережені, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және инжинирингтік қызметтер көрсету туралы шарт талаптарын басшылыққа алады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.01.25 № 163 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

5. Ұйым инжинирингтік қызметтер көрсеткен жағдайда ұйым шартқа қол қойылғаннан кейін техникалық және авторлық қадағалау және жобаны басқару үшін өзі құрған ұйымдық құрылымды, сондай-ақ ұйымның атынан жобаны басқаратын кандидатураны тапсырыс берушіге келісуге ұсынады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.01.25 № 163 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

6. Ұйым тапсырыс берушіге тікелей инжинирингтік қызметтер көрсететін сарапшылардың тізімін, олардың-міндеттері мен өкілеттіктерін жазбаша түрде ұ с ы н а д ы .

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.01.25 № 163 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **3. Инжинирингтік қызметтер көрсету**

7. Сарапшы не ұйым инжинирингтік қызметтер көрсеткен кезде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мердігерлік сауда-саттыққа қатысушылардың біліктілігін анықтау және олардың ұсыныстарын бағалау кезінде тапсырыс берушіге жәрдемдесу;

2) тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы мердігерлік шартты дайындау процесінде қ а т ы с у ;

3) тапсырыс берушінің техникалық өкілі ретінде құрылыс объектілерінде тапсырыс берушінің мүддесін білдіру және қорғау;

4) техникалық шарттарды, өлшеу жүргізудің уақтылы және дұрыс ресімдеуді қамтамасыз ету және құрылыс алаңын уақтылы беру;

5) мердігер жүргізетін құрылыс-монтаждау және жол-құрылыс жұмыстарының жобалау-сметалық құжаттамасына толық сәйкес келуін, объектілерді салуды, қайта жаңартуды және күрделі жөндеуді техникалық қадағалауды қамтамасыз ету;

6) мердігердің құрылыс алаңдарында техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау ережелерін сақтауын қамтамасыз ету;

7) объектілерде қолданылатын құрылыс материалдарының, конструкциялар мен бұйымдардың сапасын бақылау, оларды стандарттарға және Қазақстан Республикасында қолданыстағы басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес зертханалық сынауды ұйымдастыру және сапаны растайтын құжаттардың болуын (техникалық паспорт, сертификат, зертханалық сынау және т.б.) тексеру;

8) тапсырыс берушіге жобаларды іске асыру барысы туралы жоспарлы және жоспардан тыс есеп беру;

9) мердігер дайындаған жұмыстардың күнтізбелік жоспарларын қарау және тапсырыс берушіге бекітуге ұсыну;

10) жұмыстардың өндіріс қарқынының бекітілген кестеге сәйкестігін, объектілердің материалдық ресурстармен және техникалық құралдармен жиынтықталу барысын, білікті жұмыс күшімен қамтамасыз етілуін бағалау;

11) объектілерде жұмыс істейтін машиналар мен механизмдерді есепке алуды жүргізу, олардың техникалық жарамдылығын және мердігердің конкурстық тапсырысында көрсетілген тізбеге сәйкестігін бағалау;

12) мердігердің уақытша ғимараттары мен құрылыстарын, қойма шаруашылығын және шағын механизация құралдарын олардың мердігерлік жоба мен шарт ережелері мен талаптарына сәйкестігін тексеру және бағалау;

13) жұмыстарды орындау мерзімдерінің ұзартылуына, қосымша немесе күтпеген жұмыстарды, шығындарды өтеуге қатысты мердігердің шағымдарын тексеру және тапсырыс берушіге ұсынымдар беру;

14) бекітілген сметаға сәйкес орындалған жұмыстардың көлемі мен олардың құнын тексеру және аралық ақы төлеу немесе мердігермен толық есеп айырысу кезінде орындалған жұмыстарды қабылдау актілерін растау;

15) тапсырыс берушіге жобалардың іске асырылу барысы, мердігердің қызметі, жұмыстардың сапасы, бөлінген бюджет қаржысының игерілуі және болашаққа болжамдар туралы кезеңдік есептерді ұсыну;

16) тапсырыс берушіге мердігерлік шартты іске асыруға және ұсыным беруге қатысты туындаған немесе туындауы мүмкін проблемалар туралы хабарлау;

17) тапсырыс берушіге жұмыстарды мерзімінде аяқтау үшін қажетті ұсыныстар беру, қабылданған ұсыныстар бойынша барлық қажетті құжаттарды дайындау;

18) мердігерге уақтылы көмек көрсету және мердігерлік шарттардың

орындалуына қатысты мәселелер, материалдар мен бұйымдардың сапасын бағалау, межелеу жұмыстары мен өлшеу жүргізу жөнінде қажетті нұсқаулар беру ;

19) техникалық есептер мен ақпарларды дайындауды және бекітуді, жұмыстардың жүргізілу барысын уақтылы құжаттауды қамтамасыз ету;

20) орындалған жұмыстардың көлеміне мерзімді және түпкілікті өлшеуді жүргізу және олардың мердігердің есептеріне сәйкестігі туралы қорытындылар б е р у ;

21) бүкіл материалдарға, құрастырмаларға, жабдықтарға барлық кепілдік құжаттарды және сертификаттарды қабылдау мен сақтауды қамтамасыз ету және оларды жобалау аяқталған соң тапсырыс берушіге өткізіп беру;

22) құрылысы аяқталған объектілерді қарауды, тексеруді және қажет болған жағдайда сынауды жүргізу, ескертулер жасау, оларды мердігердің толық жоюын қамтамасыз ету және тапсырыс берушіге объектілерді белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылдап алу туралы ұсыным беру;

23) мердігердің анықталған ақауларды жою жөніндегі кепілдемелік міндеттемелерді орындауын тексеру, орындалған жұмыстардың сапасыздығы немесе кешіктірілгені үшін айыппұл және өсімпұл ұстау;

24) жобаларды табысты іске асыру мен мердігер шартын орындау үшін қажетті тапсырыс берушімен шартта айтылған қызметтерді көрсету.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.29 N 1468, 2012.01.25 № 163 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

8. Сарапшы не инжинирингтік қызметтерді көрсететін ұйым инжинирингтік қызметтер көрсету кезінде заңнамаға және шарттардың талаптарына сәйкес:

1) тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша объектілердің құрылысы және оларды қайта жаңарту мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдармен, жер учаскелерінің және коммуникациялардың иелерімен, басқа да ұйымдармен және жұртшылықпен қарым-қатынасында оның мүддесін білдіреді;

2) объектілер үшін материалдар жасайтын, өндіретін және дайындайтын құрылыс алаңдарына, шеберханаларға, зауыттарға, сондай-ақ басқа да орындарға к і р е а л а д ы ;

3) мердігерден және қосалқы мердігерлерден объект бойынша қажетті атқарушы құ ж а т т а м а н ы с ұ р а т а д ы ;

4) технологияның бұзылуы, жобадан ауытқу, сапасыз құрылыс материалдарының пайдаланылуы анықталған жағдайда, ақаулар мен бұзушылықтар жойылғанға дейін жұмыстарды жүргізуді тоқтата тұрады;

5) жобадан жүйелі түрде ауытқуларға жол берген, жұмыс өндірісі ережелерін және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын бұзған мердігерді жұмыстан босату туралы тапсырыс берушіге ұсыныс енгізеді;

6) төлемге берілген құжаттарды түзету немесе нормативтік талаптарға және жобалау құжаттамасына сәйкес келмейтін жұмыстар көлемінің құнын төлеуге берілген, орындалған жұмыстарды қабылдау актілерін алып тастау жөнінде тапсырыс берушіге ұсыныс енгізеді;

7) мердігердің лауазымды тұлғаларына ақауларды және олардың туындау себептерін жою туралы ұсыныстар жасайды;

8) мердігерден жұмыстар мен материалдарды қайтадан сынауды немесе сараптамадан өткізуді орындауды талап етеді;

9) хат-хабарларды, зерттеу және сынау деректерін, мәжілістердің хаттамаларын, қаржы жазбаларын, құрылыс алаңының күнделігін қоса алғанда, құжаттарды есепке алу, пайдалану және сақтау жүйесін құрады.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.01.25 № 163 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

9. Сарапшы не инжинирингтік қызметтерді көрсететін ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шартта көзделген инжинирингтік қызметтердің сапалы, уақтылы және толық көрсетілуі үшін тапсырыс беруші алдында жауапты болады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.01.25 № 163 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

10. Сарапшы осы Ереженің талаптарын сақтамаған жағдайда, оның мәртебесін және инжинирингтік қызметтерді орындауға арналған құқығын куәландыратын аттестаттау куәлігінің қолданысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тоқтатыла тұрады не кері қайтарып алынады.

**Ескерту. Ереже 10-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.25 № 163 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**